

# Үйсіндер



## Жоспары:

1. Жағрапиясы
2. Тарихы
3. Мәдениеті
4. Үйсіндердің салт-дәстүрі
5. Діни нанымдары
6. Жерлеу орындары
7. Археологиялық ескерткіштері
8. Шаруашылығы
  1. Мал шаруашылығы
  2. Егіншілік
9. Қоғамы

# Үйсін мемлекеті





Қазақстан аумағында б.з.д.  
II – VI ғасырларда өмір  
сүрген байырғы  
мемлекеттердің бірі.

Астанасы Ыстықкөл  
жағалауындағы Чигучэн қа  
ласы болды.

# Негізгі территориясы



Қазақстанның Жетісу өлкесі




Шекаралары батысында Шу мен Талас өзені, шығысында Тянь-Шаньның шығыс атырауларына, солтүстігінде Балқаш көліне, оңтүстігінде Ыстық көлге дейінгі аумақты алып жатты.

Үйсін мемлекеті батысында қаңлылармен, шығысында ғұндармен, ал оңтүстігінде Ферғанамен шектесіп жатты.

Астанасы

Чигу-Чэн (Қызыл аңғар)  
қаласы болған.



Ол Ыстық көлдің жағасында  
орналасқан.

Мемлекеттің ең жоғарғы  
билеушісі




Гунымо (күнби)



Үйсіндердің 120 мың түтіні,  
630 мың адамы, 188 мың  
800 әскері болған.



# Мәдениеті



Бейіттердің қазылуында,  
жобалануында, қару-  
жарақ,  
сәндік бұйымдар мен  
тұрмыстық заттардың  
түрлерінде, жасалуында  
ерекшеліктер болған.

Мал, егін  
шарушылығымен  
қатар қолөнер, үй  
кәсіпшілігі  
өркендеген.

Қыштан ыдыс-аяқ,  
құмыра жасау ісі  
өріс алды. Өндеу  
кәсібі дамыған.

Темір мен  
қоладан еңбек құрал  
дары, қару-жарақ,  
сәндік бұйымдар,  
алтын мен күмістен  
алқа, сырға, түрлі  
әшекейлі заттар  
жасаған..

Тоқыма кәсібі,  
тері илеу, тас  
қашау, сүйек  
өңдеу өнері  
дамыған.



# Үйсіндердің салт-дәстүрі

Ертедегі үйсіндердің түсінігінше, өлген адам тіріледі деп сенген.

Адамды жерлегенде оған о дүниеде керек болады-ау деген заттардың бәрін қосып көмген.

Тірі кезінде пайдаланып жүрген заттардың бәрін қоса көмген.

Тамақ ішетін ыдыс-аяқтар, тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдар жиі кездеседі.

Ер адамдардың жанына сауыт-саймандар, қару-жарағы: садақ, жебелер, қанжар, найза, қамшы, пышақ секілді заттар қойылған.

## *Діни нанымдары*



Табылған заттары мен әшекейлері, қару-жарағы жоғарғы көркемдігімен қатар үйсіндердің діни ұғымын, өмірге көзқарасын да көрсетеді.

Диадемадағы жапырақтар әлемді тіршілік ағашының көзі, өмір нәрі, жан беруші әйел бейнесі болып табылады. Бұл ағаш жер ортасындағы тау шыңына өсіп, дүниенің төрт бұрышын және әлемнің үш бөлігін:

тамыры тереңге  
кететін жер  
астын- о дүниені

адамдар мен  
жан-жануарлар  
өмір сүретін  
жер үстін- бұл  
дүниені

құдайлар мен  
құстар мекені-  
аспан әлемін  
жалғастырып  
тұр.

## *Жерлеу орындары*

Бейіт басына тұрғызылған обаның үлкен-кішілігі марқұмның қоғамдағы алған орнының, байлығының қандай болғанын білдірген. Қазба жұмыстары кезінде үлкен обалардан үлкен әшекейлер, қару-жарақ, ыдыс-аяқ түрлері көп шығады.

Теңлік қорымындағы қабірден киімге тігілген алтын қапсырмалар, алтын сырғалар, алтын сыммен оралған темір түйреуіш, қола айна табылды. Көлемі жағынан орташа обадан бірнеше қыш құмыралар, ағаш тостаған, қола сырға, түйреуіш, білезік шықты.

Қару-жарақтан темір қанжар, пышақ, үш қырлы жалпақ жебе ұштары бар. Кішкентай обалардан бір-екі қыш ыдыс, темір пышақ, қола сырға, моншақ табылды.

## *Археологиялық ескерткіштері*

Жетісу жерінде үйсіндердің обалары, қорымдары мекенжайлары зерттелді. Обалардың көбісі диаметрі 6-20 және биіктігі 0,5-1,5 м. Топырақ, тас қиыршық немесе топырақ-тас аралас үйінділер болып келеді.

Қорымдары б.з.д.3-2 ғғ. жататындары **ерте кезеңі**.-Қапшағай 3, Өтеген 3, Қызыл еспе. Оларға ортақ сипат қорымдар теріскейден түстікке қарай, әрқайсысында 5-6-дан обасы бар тізбек болып, созылып жататындай жоспарланған.

**Орта кезеңге** жататындар б.з. б. 1 ғ-б.з. 1 ғ. деп есептеледі. Бұған Өтеген 1,2, Тайғақ 1, Қарлақ 1, Алтын Емел қорымдары. Олар жүйесіз түрде, үш обадан тізбектеліп орналасқан.

**Соңғы кезеңі 2-3 ғғ.** деп саналатын кейінгі кезеңге Қапшағай 2, Шолақ Жиде 1, 2, Гүр қора 2, Қалқан 4 қорымдары жатады. Бұлардағы обалар жүйесіз, ретсіз жасалған, қабырлар жерден қазылған, үстері ағашпен бастырылмаған.

# Шаруашылығы

Үйсін бірлестігінің халқы жартылай көшпелі ел болған.

Мал бағып, жер өңдеуді кәсіп еткен.

Ежелгі үйсіндер б.з.б. 1 ғасырда, әсіресе б.з. 3-5 ғасырда егіншілікпен, бау-бақша, жеміс-жидек өсірумен шұғылданып, отырықшылыққа үйрене бастаған.

негізгі шаруашылығы - жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Жетісудың жайлы табиғаты оларға көп мал ұстауға мүмкіндік берді. Үйсіндер қой, жылқы, сиыр, қос өркешті түйе, ешкі ұстаған. Көп өсіргені жылқы мен қой болды

суармалы егіншілікпен де, тәлімді егіншілікпен де айналысқан. Дәнді дақылдардан арпа, тары өсірген. Олардың егіншілікпен айналысқандығын қазба жұмысы кезінде тас кетпендер, орақтар мен дәнүккіштер табылуы дәлелдей түседі. Үйсіндер егіс алқабын өзен бойларына салған.

# Қоғамы

Үйсін қоғамында байлар, жасауылдар, абыздар, кедейлер болған.

Әскер басылары мен шенеуніктердің қолында мөрі болған. Жеке меншік те өскен.

Билеуші өзіне қарайтын жұртын балаларына бөліп, әрқайсысына он мыңнаң жасақ, көші-кон жерін еншілеген. Үйсін бірлестігінде мемлекетке тән белгілер болды.

Үйсін бірлестігінде малға жеке меншік болды.

Қазылған обалардың аумағы әр түрлі. Кейбіреулерінің биіктігі 10-12 м, аумағы 40 м-ге дейін жетеді.

Ру-тайпаларының жайылымдары иелікке бөлініп, байлық тайпа көсемдерінің қолына жинақталды; тайпааралық қарым-қатынас өсті.

# Қаңлылар



**ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІ (б.з.б. 2 ғ. – б.з. 5 ғ.) – қазақ жерінде құрылған алғашқы мемл. бірлестіктердің бірі.**

**Қаңлы құлшылық мемлекетіне Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы орта ағысындағы жерлер қараған: Бұқара, Шахрисябз, Кушаниз (Қатта-Қорған төңірегі), Ташкент ауданы, Хорезм өлкесі.**

## Қаңлылар туралы деректер





**Қуатты мемл. бірлестік болған. Б. з.б. 1 ғ-да дәуірлеген кезеңінде 600 мың халқы болып, әскерінің саны 120 мыңға жеткен. Қаңлы билеушісінің шекарасы Каспийдің солт. жағалауына дейін жеткен. Оларға Арал мен Еділдің төм. ағысының аралығында билік құрған Сармат-алан тайпаларының одағы түгел тәуелді болған.**



**Қаңлы мемлекетінің жоғары билеушісі “Ваң” (Патша) деп аталады.  
Ол саяси, әскери, шаруашылық билікті өз қолында ұстады**

**“Фу ваң”  
(орынбасар  
патша)  
патшаның  
мұрагері әрі бас  
қолбасшы  
болды.**

**Үшінші  
орындағы  
билеушілерді  
“Гүй рын”  
(ақсүйектер  
немесе төрелер)  
деп атап, олар  
мемл. кеңесші  
міндетін  
атқарды.**

**Төртінші  
орындағылар  
“Үнху” – “Ябғу”  
делініп, оған ірі  
рубасылар мен  
ұлыс  
билеушілері  
жатқызылды.**

**Бесінші  
орындағылар  
ы “Ваньху” –  
әскери және  
әкімш.  
бастықтар  
болды.**

# Шаруашылығы

## Қаңлы елінің оңтүстік өңіріндегі тұрғындар



егін шаруашылығын негіз етіп, мал шаруашылығы және жеміс-жидек өндірісімен айналысқан. Сондықтан, қытай жылнамаларында қаңлының вассалында күріш, тары, асбұршақ, бидай дақылдары және жеміс-жидектер көп өседі деп жазылған.

## Қаңлы елінің солтүстік өңірін мекендеген тұрғындар

жартылай көшпенді тұрмыс өткізген. Олар мал шаруашылығын негіз етіп, жылқы, сиыр, қой, түйе және қашыр қатарлы мал түліктерін өсірген.

# Шаруашылығы

## Мал шаруашылығы



# Қол өнері

Қаңлылар қалалары мен қоныстары жергілікті базаларды не қажетінің бәрінен қамтамасыз ететін қолөнер орталықтарына айналды. Зерттеушілер шаруашылықта түрлі қажеттерді қамтамасыз ететін ыдыстардың ондаған түрін атайды. Металл ыдыспен бірге перамикалық ыдыс. Күйдіру көбінесе қыш күйдіретін пештерде жүзеге асырылды.



## Қауыншы

Ташкент аймағына жақын орналасқан Шардара су қойма-сының жеріндегі ескерткіштерді де жатқызады.

Бұл мәдениеттің тарихи тұрғындарының өмір сүрген кезеңдері б.з.б. III ғасырмен б.з. I ғасыр арасы. Керамикалық ыдыс-аяқтар, егіншілік кәсібіне және мал шаруашылығына қажет құрал жабдықтар мен қару-жарақтар табылған.

## Жетіасар мәдениетіне

Сырдарияның төменгі ағысындағы және Арал бойындағы қаңлы тайпаларының тарихи ескерткіштер - Алтынсар, Томпақасар, Бидайықасар жері жатады. Жетіасар мәдениетінің халқы Қауыншы мәдениетінің тұрғындарына қарағанда тұрақты мекен-жай салу және оның күрделі әрі сапалы болуымен ерекшеленеді.

## Отырар-Қаратау мәдениетіне

Сырдарияның орталық ағысы, Отырар аймағы мен Қаратаудың солтүстік және күнгей бетіндегі ескерткіштер жатады. Қаңлы тайпаларының негізгі өсіп- өнген, этникалық ата-мекені болғанын көрсетеді.